

ӘОЖ 179.9

**XIX ҒАСЫРДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ЭТИКАНЫҢ ANTI-НОРМАТИВТІ
НҰСҚАЛАРЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МОРАЛЬ**

Баймуратова А.А.

msaigerim1@mail.ru

6M020100-философия мамандығының 2 курс магистранты Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Қ.Б. Данысбекова

Еуропалық этиканың дамуында Кант, Гегель, Фейербахтан кейін анти-нормативті өзгерістер орын ала бастады. Егер Жаңа заманның этикалық ойы, ең алдымен, абстрактылы қағидаттарға негізделген құқықтық санамен байланысты болса, онда анти-нормативизм адамның ақылақтық жетілуіне арналған автономды және жалпыға бірдей маңызды бағдарламаларды қабылдамауды насихаттады. Сонымен бірге этика ақылақты бекітетін теориядан ақылақты сынайтын теорияға айналды. Бұл белгілер Жаңа заманның классикалық философиясымен үзілісті көрсететін этикалық тұжырымдамалар дамуындағы жаңа бағытты көрсетеді. Этика саласындағы анти-нормативті бетбұрысқа мұрындық болған ғалымдардың ең көрнектісі – Артур Шопенгауэр. Артур Шопенгауэр адамның мәнін зерттей келе, эгоизм - адамдардың бөлінбейтін қасиеті деген қорытындыға келеді. Себебікез-келген жеке тұлға үшін жеке ләззат пен қайғы-қасірет бәрінен маңызды өмірлік құбылыс. Эгоистер (хайуан текті) адамзаттың көп бөлігін құрайды, олар ашкөздікпен, заһарлы жауыздықпен, зұлымдықпен (әзәзіл болмысты) өз өмірінің мақсатын басқалардың қасірет шегуінде деп білсе, ал жанашыр ізгі жандар (кемел ақылақ иелері) басқа адамның қайғы-қасіретіне ортақтасушынайы ақылақтық уәждеме негізінде қалыптасатындығына кәміл сенімді. Шопенгауэр кемел ақылақ иелерінің бойындағы өзге адамдарға деген жанашырлық сезімі ол адамдардың туа біткен ерекше ақылақтық қасиеті деп санайды. Ғалымның моральдық концепциясына сәйкес жалпы адамзаттық бірлікке Имануил Канттың адамгершіліктік қадір-қасиет қағидаты емес, адамдар арасындағы бір-біріне деген ақылақтық жанашырлық идеясы ғана біріктіреді. Шопенгауэрдің пікірінше біздің өміріміздегі ақылақтың басты міндеті осы. Философ ерік-жігердің ақылға негізделгендігін растайды, өйткені ізгілік пен ақыл-парасаттылық әр түрлі мағынаға ие түсініктер, яки философиялық құрылымдарға қарағанда жүректің дауысында ақиқаттың айқын болары хақ. Экономикалық өмірдің этикалық құрамдас бөліктерін талдай отырып, Шопенгауэр ішкі рухани байлық, ақылақ және парасат, сөзсіз сыртқы байлықтан гөрі маңызды деп болжайды. «Өзіңіздің ішкі жан дүниенізді сыртқы игіліктер үшін, яғни болмашы жалтырлық, даңғырық атақ-даңқ пен далбаса абырой үшін рухани қалыпыңыздан, бос уақытыңыз бен тәуелсіздігіңізден толығымен немесе негізінен бас тарту немесе құрбандыққа шалу – дүниедегі ең үлкен ақымақтық» [1, 278б].

Мүліктің өзі ақылақтық тұрғыдан бейтарап, өйткені байлық та, кедейлік те бізді мейірімді, ақ пейілді, риясыз адал ниетті қылмайды. Шын мәнінде байлық пен материалдық дәулеттің бар жоқтығы емес, ол байлықтың қандай адамның уысында екендігі маңызды. Байлықтың материалдық құрал ретінде ақылақты игі адам болу жолында, рухани дүниетаным мен ынсаптық беріктікті кемелдендіруге қосар үлесі зор. Ақылақтық ілімде материалдық байлықтың құны рухани болмысты қаншалықты нығайтатындығымен өлшенеді. Мысалы, Шопенгауэр: «Адал, байсалды, ынсап пен ізгі ақылаққа ие адам кедей болса да әркез қанағатшыл, ал ашкөз қызғаншақ, ынсапсыз адамды ешқандай байлық қанағаттандыра алмайды» [1, 265б]- деп пайымдайды. Ашкөз, дүниеқор адам үшін байлық «теңіз суы сияқты: оны қаншалықты көп ішсең, шөлдегенің де соншалықты күшейе түседі» [1, 266-267б]. Шопенгауэр материалдық байлыққа қамқорлық жасау керектігін жоққа шығармайды: алайда «байлыққа ие болудан гөрі денсаулығыңызды сақтап, қабілеттеріңізді дамытуға тырысқан харекет игілікті; бұл бізге қажетті әрі лайықты қаражат жинау туралы ойланбауымыз керек дегенді білдірмейді» [1, 267б].

Біздің өмірімізді қамтамасыз ету үшін қажетті материалдық заттардың мөлшері туралы айта отырып, философ «байлықтың өзі, яғни материалдық дәулеттің шектен тыс көп болуы біздің бақытты болуымызға аз үлес қосатындығын, сондықтан көптеген бай адамдар өзін бақытсыз сезінетіндігін» [2, 289б] айтады. Себебі шектен тыс материалдық дәулет олардың рухани дамуына кедергі жасайды. Материалдық байлықтың шектен тыс көптігі нәпсіқұмарлыққа әлсіз адамдар үшін ақылақтық даму жолында рухани дербестікті сақтауға үлкен кедергі келтіреді. Екінші жағынан, шектен тыс меншікті иемденуге деген ынта бұл адамның рухани кедейлігінің орнын толтыруға деген талпынысы екендігін білдіреді. Сонымен қатар шамадан тыс сарандық пен орынысыз ысырапшылдық адамның ішкі кедейлігінің анық көрінісі. Шопенгауэрдің пайымдауынша дәулетті отбасының кейбір

мұрагерлері (бос кеуде) кеуделерінің рухани бостығын материалдық игіліктерді жөн-жоқысыз жұмсап, елеулі қаржыны берекетсіз ысырап ету арқылы толтыруға тырысады. Осылайша рухани бос кеуде адамның «ішкі кедейлігі, сайып келгенде, сыртқы кедейлікке де алып келеді»[2, 292б].

1. Шопенгауердің түсінігінде идеал - бұл рухы мықты, ең алдымен өзінің жанына қамқорлық жасайтын адам және десол үшін материалдық әл-ауқаттың деңгейіне де жеткілікті деңгейде назар аударады. Тұтас адамзат баласы үшін моральдық даму экономикалық жетістіктерден де маңызды өмірінің құраушысы, сондықтан кез-келген адам сыртқы жағдаяттарға, байлық пен кедейлікке қарамастан, әрқашан рухани өмір сүруі керек. Көбіне көп материалдық игіліктерді бірінші орынға қоятын адамдар ешқашан жете алмайтын материалдық игіліктердің жетегінде жүріп жанның дамуы туралы ұмытып кетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Шопенгауердің пікірінше, экономикалық мүдделер мен моральдық құндылықтардың өзара байланысында моральдық құндылық қағидаттары шешуші болуы қажет. Неміс философы және экономисті Карл Маркс экономика мен моральдың өзара қатынасын әртүрлі меншік формалары мен әлеуметтік-экономикалық формациялардың этикалық компоненті тұрғысынан қарастырады. Маркс капитализм мен жеке меншікті моральдық құбылыстар мен қағидаттардан тысқары жабайы қоғамдық бәсеке принциптеріне негізделгендігі үшін сынға алады. Ол материалдық игіліктердің ортақ тұтыныс жүйесін құрайтын саяси және экономикалық жүйені құруды жақтайды. Маркстің пайымдауынша капиталист жұмысшының өз еңбегіне сай құның төлемей, ешқандай физикалық еңбек әрекетін жасамастан оның бір бөлігін (қосымша құн) өзі иемденеді[3].

Бұл адамды адамның қанауының жарқын көрінісі. Маркс тарапынан «мүлікті адалау»[3] құбылысы да қатаң сынға ұшырайды. Мәселен, адамдардың өндірген өнімі, өсірген дақылы олардың бір бөлшегі іспеттес, ал капиталист өндірілген тауардың құнының бір бөлігін бөлген кезде, жұмысшы өз еңбегінің нәтижелерінен және өзінің бір бөлігінен айырылады. Жоғарыда келтірілген қисыннан шығатын пайым еңбек адам үшін сыртқы, болмашы іс-әрекет процесі болып қалады, ол (жұмысшы) жұмысында «өзінің физикалық және рухани күшін еркін, әрі риясыз жұмсамайды, сәйкесінше бұл оның физикалық табиғатын сарқып, рухының кемелденуін бұзады»[3]

2. Осылайша, адам әлемді игеру барысында өз бойындағы жасампаздық алып күшті танымай, өз-өзінен оқшауланып, табиғи болмысынан қол үзген сезімде болады. «Бұл еңбекке деген қажеттілікті қанағаттандыру емес, тек басқа қажеттіліктерді қанағаттандыру ғана»[3]

3. Адамның өз денесін тума болмысынан адалау, сондай-ақ сыртқы табиғаты мен рухани мәнің адами болмысынан ажыратып жат қылу адам еңбегін адалаудың (отчуждения) салдары болып табылады. Бұл адамның адамнан адаланып барлық құндылықтарды қайта бағалауына әкеліп соқтырады. «Егер адам кірісті, еңбекті, мансап пен малды және экономиканы ең үлкен мақсат деп санаса, онда ол нағыз моральдық құндылықтардан: ар-ождан, ынсап, мейірім мен ізгіліктен айырылады»[3]. Адалаудың қандай формасы болмасын бүтінбарлық салалары басқаларымен байланысты емес. Мысалы экономика моральмен байланысты бола алмайды және т.б.

Адалану әркімнің өзіне тән ерекшелігіне қарай жүзеге асырылады. Онда әркім өз алдына адаланылып басқаның адалануына араласпайды (себебі ол өзгенің жан айқайы). Сәйкесінше, Маркстың пайымдауының негізінде капиталисттік экономикадағы еңбек процесі қоғамдық игілікті дамытуға емес, керісінше жеке адамның жан бағу процесіне айналады. Ойшыл үшін адаланған мағынасыз еңбек процесін еркін, шығармашылық еңбек процесіне айналдыру мәселесі аса маңызды. Өйткені, егер адам табиғатпен біртұтас үйлесімділікте еңбек процесін жүзеге асыратын болса ол еңбек етуге бар күш-жігері мен ынтасын салу арқылы табиғатқа үстемдік орнатуға емес онымен үйлесімділікте өмір сүруге тырысады. Табиғат пен адамның үйлесімділікте бірін-бірі қанағаттандыруы адамзат баласын адаланудан құтқарып, жоғары моральдық санаға жетелейді.

Еңбек адам өмірінің жарқын көрінісі бола отырып, адамның табиғатқа деген көзқарасын өзгертеді, ал адамның өзі еңбек арқылы өзгеретіндігін аңғартады. Сондықтан

Маркс үшін еңбек тек экономикалық қана емес, сонымен бірге моральдық құндылықтармен анықталған антропологиялық категория болып табылады. Маркс капитализмге кесінді қарсы, өйткені бұл жүйеде байлық басқа адамдарға билікті білдіріп, жұмыс тауарға айналады даал бұл кезегінде құлдықты қалыптастырады.

«Өндіріс адамды өнім немесе өнім-адам ретінде ғана емес, сонымен бірге оны осы анықтамаға сәйкес рухани және физикалық тұрғыдан адамгершіліктен ада тіршілік иесі қылып шығарады»[3]. Оның үстіне, жұмысшы неғұрлым көп тауар өндірген сайын соғұрлым кедейлене түссе, өндірілген тауардың саны артқан сайын оның еңбегінің өтемі де құнсыздана түседі. Шын мәнісінде «саяси экономия жұмысшыны қажеттіліктері ең қажетті физикалық қажеттіліктерге дейін азайтылған жұмысшы мал ретінде ғана көреді»[3]. Маркс байлық пен кедейлікті емес, адамның кешенді қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын жеке меншік формасын, адамды адамгершілігінен айыратын капитализм жүйесін сынға алады. Ойшылдың пікірінше капиталистік қоғам жеке меншік түсінігін біз оны иемденген кезде ғана ол біздікі болып саналады деген ақымақ әрі біржақты күйге түсіреді. Бұл абсурдты идеяға сүйенер болсақ тұтас адамзат баласы физикалық және рухани сезімдерінен баз кешіп, тек қана иелік сезімінің негізінде ғана өмір сүруі қажет екен. Шын мәнісінде бұл адам баласын өзінің жан дүниесіндегі рухани байлықты толғатып мына дүниеге әкелуі үшін абсолютті кедей болуы басты шарт дегенге мензейді.

Қорыта келе, XIX ғасыр этикасындағы антинормативті философия бағытының өкілдері адамгершілік, адам және қоғам туралы өздерінің идеяларына сүйене отырып, экономика мен мораль арасындағы қатынасты зерттеуде өздерінің көзқарастарын қалыптастырды. Шопенгауэр материалдық байлыққа қамқорлық жасау керектігін мойындап, бірақ моральдық дамуды экономикалық табысқа қарағанда маңызды әрі шешуші құндылық деп санады. Ал Карл Маркс болса капитализм мен жеке меншіктегі азғындықты жеңуге тырысып бақты. Ол бұл олардың материалдық пайдаға және капиталдың мүдделеріне бағытталып, жеке адамның рухани мәнін бұзып, адамдарды тауарға айналдыратындығына кәміл сенді. Ол моральдық нормаларға негізделген экономикалық жүйені жақтап, басты құндылық - адам еркінің рухани тіршілік кешуі деп кесінді пікір айтты.

Адамның табиғатын мен оның іс-әрекеттерінің негізгі себептерін әр түрлі түсінуге байланысты экономика мен моральдың қарым-қатынасындағы мұндай әр түрлі көзқарастар бұл мәселенің қарастырылуын екіжақты көрсетеді. Философиялық ой тарихының даму сатыларында мораль мен экономика қатынасы туралы философиялық идеялардың пісіп жетілуімен жеке және әлеуметтік деңгейлердегі мәселені түсіну арасындағы шекаралар біртіндеп жойыла бастады. Тұлғаның табиғатын, оның қасиеттерін, мотивтері мен мақсаттарын зерттейтін философтар көбінесе адамдардың қоғамдағы өзара әрекеттесуінің себептері мен әдістері туралы сұраққа жүгінді.

Біз қарастырған ойшылдардың пайымдауындағы экономика мен мораль арасындағы байланыс бүгінгі таңда күннен-күнге күрделене түсіп, этика саласындағы бұрын-соңды зерттелмеген жаңа бағыттарын қалыптастырып жатқандығын атап өткен жөн. Заманауи ақпараттық технологиялар мен биотехнологиялардың шарықтау шыңына жеткен алтын ғасырда «экономика-ақылақ» мәселесі одан әрі күрделі әрі сан қырлы бола түспегі айдан анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шопенгауэр А. Афоризмы житейской мудрости // А. Шопенгауэр. Свобода воли и нравственность. - М., 1992.- 278б. 2.- 265б. 3.-266-267б.б. 4.-267б.
- 2.Шопенгауэр А.Афоризмы и максимы.-М., 1991.-289б. 2.-292б.
3. Маркс К. Экономическо-философские рукописи 1844 года // К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч., Т. 42. - Сілтеме: <http://malchish.org/lib/marx/economico.htm>, еркін. –Кіріспе экраннан.